

6D010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
мамандығының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
дайындалған Ибраева Магрипа Курманбековнаның «Ерте жастағы балалардың
тәнімдік белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту»
тақырыбында жазылған диссертациясына рецензенттің

П И К И Р I

1 Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазақстанның әлемдегі озық отыз елдің қатарына ену мен рухани жаңғыруы жағдайында қазіргі үздіксіз білім беру саласына, соның ішінде баланы мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне аса мән беріліп отырғаны мәлім. Олай дейтініміз Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясында, сондай-ак Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектеп жасына дейінгі, есіресе 1 жастан 3 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтудың қажеттігі көрсетілген. Әрбір балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімін, қарым-қатынасын дамытуды нақ осы кезеңнен бастау тиістігі атап өтілген. Оның үстіне балалардың тәнімдік және зияткерлік дамуының, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды менгеруінің негізі 1-3 жас аралығында қаланатының ескерсек, ұсынылып отырған диссертацияның өзектілігі арта түседі.

Оған қоса отандық педагогика ғылымында ерте жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша зерттеулердің жоктың қасы екендігі М.Ибраеваның диссертациялық жұмысының маңыздылығын арттырады.

Сонымен бірге қазіргі уақытта мемлекетте ұлттық жаңғыру қажеттігі жағдайында қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі, тілі мен музыкасы, әдебиеті, бір сөзben айтқанда ұлттық рухы мәңгі қалуға тиістігі орындалған диссертация проблемасын көкейкесткендіре түседі. Өйткені жұмыста балалардың ұлттық санасын дамытуға ықпал ететін қазақ халық шығармашылығы зерттеліп отыр.

Сонымен айтылып өткен негізdemelerdің бәрі, біrіnшіден, балалардың тәнімдік белсенділігін ерте жастаң дамыту олардың дene және ақыл-ой дамуы негізінің дұрыс қалануына мүмкіндік жасайтынын дәлелдесе, екіншіден олардың ақыл-ой дамуындағы психикалық үдерістерге (қабылдау, киял, тіл, ес, зейін, ойлау) қазақ халық шығармашылығы құралдарының ықпалы басымдығын айфактайды, ушіншіден бұрын зерттелмеген тың тақырыптың қарастырылуы осы зерттеудің көкейкестілігінің бұрынғысынан да арта түскенін көрсетеді. Демек, Магрипа Курманбековна Ибраеваның диссертациялық жұмысы қоғамның сұранысынан, заман талабынан туындаған дер кезінде орындалған көкейкестілігі жоғары еңбек. Оны диссертацияның мазмұны да дәлелдейді.

2 Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негіздеу және шынайылық дәрежесі Зерттеу барысында ізденуші мынадай нәтижелерге қол жеткізген:

1) Ерте жастағы баланың жас аралығы кезеңдерін айқындаған. «Ерте жастан дамыту», «ерте жастағы баланың танымдық белсенділігі» үғымдарының мәнін нактылаған;

2) қазақ халық шығармашылығын ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін дамытудың құралы тұрғысынан негіздеген. Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудағы қазақ халық шығармашылығының мүмкіндіктерін айқындаған және педагогикалық жіктемесін жасаған.

3) ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың құрылымдық моделін және оның мазмұнын жасаған. Олардың танымдық белсенділігі дамуының өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін айқындаған.

4) ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігін дамытудың кешенді бағдарламасын жасаған және тәжірибеде оның тиімділігін анықтаған.

Осы аталған нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі докторанттың философия, әлеуметтану, психология, педагогика саласында ерте жастан дамыту, танымдық белсенділік үғымдары қарастырылған шетелдік, отандық ғылыми еңбектерге талдау беруімен; ерте жастан дамыту түсініктерін нактылаумен; қазақ халық шығармашылығы зерделенген этнографиялық, өнертану, фольклор, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасаған талдауымен; ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығымен дамытуды модельдеуімен; кешенді бағдарламасын жасауымен, оны мектепке дейінгі мекемелерге ендіруімен және оның бүгінгі заман талабы сұранысынан шығуымен айқындалады.

3. Изденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) қорытындысының жаңалық нәтижесі

Жоғарыда аталған бірінші ғылыми нәтижесінің жаңалығы, ізденушінің ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың мәнін анықтауымен негізделеді. Ол мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мәселесі қарастырылған казақстандық ғалымдар зерттеулерін жан-жақты талдау негізінде ерте жастан дамыту проблемасының зерттеле қоймағандығын (Б.Баймұратованаң еңбегін қоспағанда) анықтаған және оның зерттелу қажеттігін дәлелді негіздеген. Балалардың ерте жас аралығы кезеңдеріне, олардың физиологиялық, психикалық даму ерекшеліктеріне талдау жасаған. «Белсенділік», «танымдық белсенділік» үғымдарына терең талдау берген (1.1).

Осы талдаулар негізінде ерте жас аралығын 1-3 жас деп қарастырған, сондай-ақ ерте жастағы балалардың психикалық дамуы мен танымдық белсенділік дамуы үдерістерінің арақатынасын анықтаған. Соның нәтижесінде ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамыту механизмін жасаған. Әсіресе докторанттың аталған механизм аясында балалардың танымдық

белсенділігінің дамуын қажетсінуден-құштар болуга, құштар болудан-байқауга, байқаудан-білуғе, білуден-үйренуге, үйренуден-жасауга қарай даму бағытын негізді көрсетуі, алынған ғылыми жаңалығының құндылығын арттырады.

М.Ибраеваның осы жаңалығы оның анықтаған «ерте жастан дамыту», «ерте жастағы баланың танымдық белсенділігі» ұғымдарымен сабактасып жатыр. Мәселен, докторант «Ерте жастағы баланың танымдық белсенділігі дегеніміз оның жаңаны қажетсіну, құштар болу, байқау, білу, үйрену, жасау әрекеттерінің көрінісі» деп анықтауы, оның ғылыми тұжырымдарының өзара байланыстылығы мен негізділігін көрсетеді (1.1). Осы айтылғаның бәрі, *bіріншіден*, диссертанттың зерттеу проблемасының теориялық негізін жетік менгергенін айғақтаса, *екіншіден*, зерттеудің *бірінші нәтижесінің* жаңа екендігін дәлелдейді.

Зерттеудің *екінші нәтижесінің* жаңалығы докторанттың қазак халық шығармашылығының педагогикалық жіктемесін жасауымен айқындалады. М.Ибраева оған қол жеткізу барысында қазак халық шығармашылығының ерте жастағы баланы дамытудағы мүмкіндіктерін өзі негіздеген теориялық тұжырымға сүйеніп, яғни олардың қабылдау, киял, тіл, зейін, ес, ойлау психикалық үдерістерінің дамуна, оған сәйкес қажетсіну, құштар болу, байқау, білу, үйрену, жасау қабілеттерінің артуына ықпалына қарай анықтаған.

Докторанттың педагогикалық жіктемесінде қазак халық шығармашылығын төрт топқа (ауди әдебиеті, музика, ойын, қолөнер) бөліп, оларды іштей топтастыруын да толық құптауга болады. Осы жіктеменің ерекшелігін автордың ерте жастағы баланың жас ерекшелігіне, тәрбие мазмұнына, қазак халық шығармашылығының оның танымдық белсенділігі дамуна ықпал ету мүмкіндіктеріне қарай анықтауы ұтымды шыққан (1.2). Әсіресе, автордың аталған даму үдерісінде қолөнер туындыларын да қолдану қажеттігін көрсетуі жаңалығы денгейінің жоғарылығын көрсетеді. Өйткені қазіргі уақытта ерте жастағы балаларды тәрбиелеуде қолданылып жүрген бағдарламаларда (Алғашкы қадам, Тәй-тәй және т.б.) ауди әдебиеті, ойын, музика туындыларының кейбір түрлері қарастырылғанмен, қолөнер түрлері қамтыла қоймаған. Оның үстіне М.Ибраеваның «қолөнер құралдарының барлығы да көзben көретін, қолмен ұстайтын бұйымдар, баланың көру, қабылдау сезімдеріне ықпал етіп, көруінің шоғырлануын дамыта түседі» (1.2., 58-б.) деген ойын толық қолдауға болады. Сондай-ақ, автордың ою-өрнектердің баланың қабылдауына жеңіл түрлерін (тұмар ою, шаршы ою, күн оюы және т.б.), ерте жастағы балалардың геометриялық фигуралардың көлемін, түстерін ету барысында қолдану мүмкіндіктерін ескеру қажеттігін негіздеуі де көнілден шығып отыр.

Осы айтылып өткендер докторанттың қол жеткізген екінші нәтижесінің жана екендігін дәлелдейді.

Ушінші нәтижесі де жаңа, өйткені докторант ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін дамытудың құрылымдық моделін жасаған және оны жан-жакты мазмұндаған. Модель тұжырымдамалық; технологиялық; үйимдастырушылық; бағалаушылық болып табылатын төрт құрамдас бөліктен

тұрады. Онда көрсетілген қалыптастырудың тұғырлары, технологиясы, бағалау өлшемдері аса қызығушылық тудырады. Әсіресе докторанттың ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен даму компоненттерін өзінің анықтамасына негізделе отырып, қажеттілік-құштар болу, *байқап-білу*, *үйреніп-жасау* деп анықтауы оның жаңалығының құндылығын қана танытып қоймай, теориялық тұжырымдарының (анықтамасы, механизмі және т.б.) ішкі бірлігін айфактайды. Осы компоненттерге сәйкес өлшемдерін қазақ халық шығармашылығына тұрақты танымдық қызығушылығы, танып-білуге эмоционалдық жағымды қатынасы, білуге, *үйренуге*, *жасауга ерік-жігерінің* болуы, оны *іс-әрекетте көрсетуі* деп айқындауы да көңілге конымды шыққан. Сондай-ақ, осы даму деңгейлерін құштарлық белсенділік, талпынысты белсенділік, саналы белсенділік деп анықтауын да, автордың жаңалығындағы батыл қадамы деуге болады (1.3). Өйткені ерте жастағы баланың танымдық белсенділігінің деңгейін төмен, орта, жоғары деп өлшегенге қарағанда, олардың құштар болу (қарау, қызығу), талпыну (әрекет ету), саналы әрекет ету (түсініп жасау, өзі біліп кайталауы) деңгейін өлшеген тиімді. Сондықтан біз автордың ойымен толық қосыламыз. Осы негізdemeler де оның *үшінші нағијесінің жаңа* екендігін айфактайды.

М.Ибраеваның ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытуда жасаған кешенді бағдарламасы ұтымды шыққан. Өйткені бағдарлама «Ерте жастағы балаларды тәрбиелейтін педагогтардың біліктілігін арттыруға арналған дәріс-семинарлар»; «Ерте жастағы балаларды тәрбиелеуде ата-аналармен бірлестіктегі жұмыс»; «Ерте дамыту орталықтарында балалардың танымдық белсенділігін дамытудың оқу-ойын *іс-әрекеттерін* ұйымдастырудың тақырыптық жоспары және *іс-шаралары*» атты үш бағыттан тұрады. Ал бұл болса, аталған дамудың кешенді жүргізілуіне тиімді ықпал етеді. Көрсетілген бағыттардың әрбірі тақырыптық жоспарларды және оларды жүзеге асырудары ұйымдастыру формалары мен әдістерін, оларда пайдаланылатын құралдарды қамтиды. Әсіресе бағдарламаның ұтымдылығы мен тиімділігі оның *педагог-бала-ата-ана* жүйесімен жасалып, ата-аналармен бірлестіктегі *іс-шараларды* кеңінен қамтуынан көрінеді (2.1, 2.2). Осы айтылғандарды зерттеу жұмысының *төртінші нағијесінің жаңалығы* деп қабылдауға болады.

4 Ізденушінің алған нағијелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешүге бағытталатындығы

М.Ибраеваның зерттеу барысында қол жеткізген осы ғылыми нағијелері ішкі бірлікпен, әрбір теориялық тұжырымдардың өзара байланыстырылышымен және олардың тәжірибелік-экспериментте тексерілуімен, қорытындысымен және автордың мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу саласына енгізген жаңалығымен сипатталады.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арнап жазылған бұл диссертацияның педагогика ғылымы үшін маңызы өте жоғары. Өйткені, зерттеуде педагогика ғылымының бүгінгі таңдағы аса бір көкейкесті проблемасы алғаш рет шешімін тауып отыр. Еңбектің нағијесін педагогика

теориясында, мектепке дейінгі мекемелерде, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығы бойынша болашақ мамандар даярлайтын жоғары оку орындарында, осы саладағы мамандардың біліктілігін көтеру институттарының тәжірибесінде үлкен сеніммен пайдалануға болады.

5 Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен корытындыларының жариялануының жеткілікті толықтырына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен корытындысы 12 (он екі) енбекте жарияланған. Соның ішінде 3 мақала КР БжFM Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2-еүі Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 3-еүі халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 4-еүі алыс-жакын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияларда жарық көрген.

6 Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Диссертация мазмұнында, рәсімделуінде мынадай кемшіліктер кездеседі:

1. Докторанттың диссертацияда 3-4 жастағы балалардың сөздік қорын арттыруды зерттеген Б.Баймұратованың еңбегіне мән беріп, атап көрсеткені өте орынды. Эйтсе де осы зерттеуге тереңірек талдау жасағанда артық болмас еді, одан диссертацияның құндылығы артпаса кемімейді.

2. Диссертанттың «Сәби танымы» кешенді бағдарламасының мазмұны ауқымды да ұтымды жасалған. Оның педагогтарға, ата-аналарға, балаларға арналған тақырыптық жоспарлары мен жұмыс түрлері де көнілге қонымды шықкан. Алайда зерттеу жұмысында оның мазмұны толық қамтылғанда енбектің практикалық түрғыдан маңыздылығы арта түскен болар еді.

3. Диссертацияның жазылуында стилистикалық, орфографиялық қателер де кездеседі.

Көрсетілген кемшіліктердің шешімі жеңіл, сондыктан ғылыми талапқа сай жазылған енбектің күнын төмендетпейді.

7 Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Сонымен, Ибраева Магрипа Курманбековнаның «Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы күралдарымен дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторына 6D010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Рецензент,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор



С.Н.Жиенбаева